

Тақырып: «Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы»

Ел дамуының ертеңгі бағыт-бағдарын саралаған Елбасының Жолдауында білім беру саласына: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз» деп ерекше мән берілген. Алайда, жаһандану дәуірінде қатаң бәсекеге төтеп бере алатын мемлекет қана өркениет көшіне ілесе алады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті ең алдымен оның білімділік сипатымен айқындалатынын ескере келе, білім мен тәрбие беру саласының маңызы ерекше екенін мойындауымыз керек.

Білім – кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін көрсететін басты фактор. Сондықтан білім беруде жоғары сапаға қол жеткізу қазіргі уақытта барлық қоғамдық дамудың маңызды мәселесі. Осыдан жас ұрпаққа үздіксіз білім мен тәрбие беруді жетілдірудің өзектілігі туындап отыр.

Сабақтастықтық үздіксіз білім берудегі педагогикалық үдерісте қолайлы жағдай туғызу үшін қажет. «Сабақтастық» ұғымы ғылымның әр алуан салаларында қолданылады және көп мағыналы ұғым болып табылады. Бұған ғылыми әдебиеттердегі оған берілген әр түрлі тұрғыдағы анықтамалар дәлел бола алады. Осыған орай, біздің зерттеуімізде оқытудағы сабақтастықтың философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Сабақтастық – бұл күрделі және көпжақты ұғым. Философиялық әдебиеттерде осы күнге дейін «сабақтастық» терминіне бір мәнді түсіндірме жоқ. Осы ұғымға берілген анықтамалар мазмұны біздің көзқарасымыз бойынша даму үдерісі, жаңа мен ескі арасындағы байланыс, жаңада ескінің сәл дамыған элементтері мен үдерістері, дамушы құбылыстардың жаңа қасиеттері мен сапалары, ішкі бүтіндіктер сияқты сабақтастықтың мәндік белгілерін қамтиды.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы кемшіліктердің тәжірибеде орын алып отырғандығын 2007 жылы Қазақстан алғаш рет қатысқан оқушылардың білім жетістіктерінің сапасын бағалау жөнінде Халықаралық қауымдастық өткізген TIMSS зерттеуінің нәтижесі де айғақтап отыр. Педагогикалық энциклопедияда оқытудағы сабақтастық оқытудың әр түрлі сатыларында оқу пәнінің бөлімдері арасында қажетті байланыс пен дұрыс арақатынасты орнатудан, оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың білімі мен білігіне қойылатын нақты талаптардан, оқу материалын беру. Логикалық желісі мен түсіндіру әдістерінен, сондай –ақ оны менгеруді ұйымдастыру тәсілдерінен тұрады делінген. Сабақтастық мәселесін шешу үшін оның мазмұндық және процессуалдық сияқты екі аспектісін ескеріп кешенді қарау керек. Білім беру мен тәрбиелеу процесінде сабақтастықтың қажеттілігі зор. Педагогикада сабақтастық идеясы қалыптасқанға дейін жалпы еңбек іс-әрекетінде бірыңғай талаптарды сақтау және әдіс- тәсілдерді тізбектей меңгеру қарастырылған. Осы кездегі оқытудағы сабақтастықты тура педагогикалық мағынасында қолданған Есипов Б.П.. Ол білім берудің әр түрлі

сатысын бір жүйеге келтіре отырып, сабақтастық шарты қажет екендігін көрсетті.

Сабақтастықтың сипатты белгілері:

- Сабақтастық – бұл оқып үйретілетіннің бұрында оқып үйретілгенмен байланысы;

- Сабақтастық байланысты жүзеге асыру сипаты әрбір келесі кезеңдерде бұдан бұрынғы кезеңде оқушылардан алған пәндік білім, білік және дағдыларын пайдаланудың қажеттілігімен анықталады, яғни оқытудың тірек нәтижелерін белсендіру. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш мектепте жалпы және нақты мақсаттары мен міндеттері анықталып, білімділік, тәрбиелік және дамытушылық пен практикалық бағыттары бойынша тиянақты тұжырымдалады.

Мектепалды даярлық тобы (5-6 жас) Базалық бастауыш білім беру (6-10 жас)

Максаты: Баланың сезімдік тәжірибесін байыту, ретке келтіру. Барлық психикалық қасиеттерін дамыту. Ойларын операцияларын қалыптастыруға даярлау. Білім алуға, оқу мазмұнына тұрақты қызығушылық тудыру. Болашақта ғылыми білім жүйесін игеруде қамтамасыз ететін ойлау түрлерін дамыту.

Негізгі әрекеті: ойын әрекеті

Негізгі әрекеті: оқу әрекеті

Сабақтастықты жүзеге асырудағы тәрбиешінің міндеттері:

- Кезеңнің маңыздылығын сақтау;
- Қоршаған орта мен баланы қарым - қатынасқа даярлау;
- Жеке тұлғалық, танымдық қасиеттерін дамыту;
- Оқу еңбегін ұйымдастыруға дағдыландыру;
- Осы бағытта ата- аналармен әңгіме жүргізу;

Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің міндеттері: - Даярлық сыныптағы даму деңгейіне байланысты деңгейіне, қабілеттеріне сүйену; - Даярлық сыныпта жетік қалыптаспаған қасиеттерді жетілдіру бағытында арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру;

- Ойын арқылы оқу әрекетін қалыптастыру;
- Психологиялық зерттеулер

- Психологиялық зерттеулер қорытындысын оқу- тәрбие үрдісінде басшылыққа алу. қорытындысын оқу -тәрбие үрдісінде басшылыққа алу;

- Осы бағытты ата- аналармен әңгіме жүргізу.

Сабақтастықты жүзеге

асырудағы тәрбиешінің әрекеті:

- Әрбір балаға педагогикалық

психологиялық карта бастау;

- Оқыту мен тәрбиелеу үрдісін

сын тұрғысынан ойлау

бағдарламасыны

философиясының негізінде

ұйымдастыру;

- Бастауыш сынып

мұғалімдерін сынып

сағаттарына шақырып,

таныстыру;

- Әрбір балаға, сыныпқа

педагогикалық мінездеме

жазу;

- Балаларды мектептің

бірыңғай тәртіп талабымен

таныстырып, талаптарды

орындауға баулу.

Сабақтастықты жүзеге асырудағы мұғалімнің әрекеті: - Даярлық сыныптарға қатысып, балаларды сырттай бақылау; - 1- сыныпта ойын әрекеттен басымырақ қолданып, біртіндеп оқу әрекетіне көшу; - Әрбір баланың педагогикалық-

психологиялық картасын жалғастыру; - Бастауыш сыныпта өтетін шараларға балаларды белсене қатыстыру; - Балаларды мектептің бірыңғай тәртіп талабына

бірыңғай орфографиялық, каллиграфиялық талаптарға үйрету; - Әрбір балаға, сыныпқа жазылған педагогикалық мінездемені зерттеу, толықтыру.

Сөйтіп, балабақша мен мектептің байланысын орнату үшін , балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларын бірге дамыту жолымен жүргізілуі керек. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты жүзеге асыруда мемлекеттік стандарт пен бағдарламалар талаптарын саралау да жүзеге асырылады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша елімізде ауқымды іс- шараларды жүзеге асыру қолға алынуда. Яғни, бүгінгі күннің талабына сай адамзат алдында тұрған ұлы мұрат міндеттердің бірі өз ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл игі істің иесі – Ұстаз.